

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ  
ҚОРШАҒАН ОРТАДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ  
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ  
№ 7 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

**28.03.2024жыл**

**Қатысқандар:** АК төрағасы – PhD Г.Б.Тойчибекова, АК мүшесі, академиялық персонал – х.ғ.к. Қ.Т.Сарбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Н.Ә.Әбдімүтәліп, АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., профессор Ә.Т.Мейірбеков, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Қ.А.Абдуалиев, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Қолқанат Б.

**Күн тәртібі:**

1. ББ бойынша келесі жылға дайындық, силлабустарды қайта қарау
2. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

**АК төрағасы Тойчибекова Г.Б.** Күн тәртібі бойынша 1-мәселе ББ бойынша келесі жылға дайындық, силлабустарды қайта қарау және наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

**Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Ә.Н.Әбдімүтәліп алды:** 2024-2025 оқу жылына дайындық жұмыстарының тізімінде біріншіден БББ жұмыс берушілерінің және басқа ЖОО-ң сараптамасынан өткізу, пікірлері мен сауалнамаларын алу, келесі жылдың контингентін жоспарлау бойынша кәсіби-бағдар жұмыстарын атқару, ОЖЖ-ын әзірлеу. Осы жұмыстардың негізінде келесі жылға пән презентацияларын 1-4 курс білім алушыларының арасында өткізіп тіркеу. Пән презентациясының нәтижелері бойынша келесі оқу жылының жүктемесіне сәйкес силлабустарды әзірлеу жұмыстарын талдау. Талдау барысында НОЖ-ы бойынша өзгерістерді анықтап, жаңа пәндердің силлабустарының құрылымын жасау қажет.

**АК төрағасы Тойчибекова Г.Б. келесі екі мәселеге тоқталды:** 1. Наурыз айында жыл сайынғы «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің тапсырысы бойынша 2024 жылы жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын бағалау рейтингісін дайындау. 2. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі арасындағы №22/2865 10.10.2022 жылғы келісім-шарты негізінде ЖОО-ның білімалушыларына мекеменің кәсіби қызметімен таныстыру және қазіргі кездегі табиғи ресурстардың экологиялық мәселелерін жан-жақты зерделеу үшін басқарманың қызметкерлерін 6B05247-Экология білім беру бағдарламасының студенттеріне шолу дәріс беруін қамтамасыз ету.

**Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал техн.ғ.к., профессор Ә.Т.Мейірбеков алды:** 6B05247-Экология және 7M05223-Экология Білім беру бағдарламалары бойынша қоршаған ортаны қорғау бойынша жұмысқа орналасу және кәсіби өсу үшін еңбек нарығында түлектердің бәсекеге қабілеттілігін дайындау-бағдарламаның негізгі бағыты. Бағдарлама экологиялық мониторингтің дағдылары мен әдістерін, білімді практикада қолдану мүмкіндіктерін игеруге, жобалау қызметінің негіздерін қалыптастыруға және білім алушылардың коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. 6B05247-Экология 4 жыл ішінде және 7M05223-Экология білім беру бағдарламаларында білім алушылар үшін 2 жыл ішінде іске асырылатын теориялық даярлық

көлемі құзыреттілік тәсілі енгізілген, белсенді білім беру технологиялары пайдаланылған, жұмыс берушілерді оқу процесіне тарту есебінен оқыту талаптарына сәйкес келетін деңгейді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламасында жоғары білікті мамандарды даярлау үшін қажетті кадрлық, оқу-әдістемелік, ақпараттық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жеткілікті. Бакалаврлар және магистратура халықаралық бағдарламалары негізінде құрастырылған жетекші еуропалық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын ескере отырып, пәндерді оқиды.

**АК мүшесі, академиялық персонал—х.ғ.к. Қ.Т.Сарбаева:** 6B05247-Экология және 7M05223-Экология Білім беру бағдарламалары бойынша жұмыс берушілер тарапынан берілген ұсыныс пікірлерді және оқытушы-профессор құрамының талап тілектерін ескере отырып негізгі оқу жоспарына жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескеруіміз керек.

**Шешім:** ББ бойынша келесі жылға дайындық жұмыстары іске асырылсын, сессиялар қайта қаралсын, «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің тапсырысы бойынша 2024 жылы жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын бағалау рейтингісін дайындалсын, «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекеме басқармасының қызметкерлерінің 6B05247-Экология білім беру бағдарламасының студенттеріне шолу дәріс беруін қамтамасыз етілсін, жұмыс берушілердің пікір-ұсыныстарын ескеріп келесі оқу жылына дайындық жүргізілсін, наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Г.Б.Тойчибекова

Хатшысы:



Н.Ә.Әбдімүтәліп